



ОРТАЛЫҚ
АЗИЯ УНИВЕРСИТЕТІ

ОАУ қысқаша шолу



ҚАЗАҚСТАН ♦ ҚЫРҒЫЗСТАН ♦ ТӘЖІКСТАН

Орталық Азия Университеті (ОАУ) миссиясы – таулы қауымдастықтардың өмір сүру сапасын жақсарту, бұл толық пансионды бар халықаралық деңгейде аккредиттелген санаулы өңірлік оқу орындарының бірі болып табылады. Орталық Азия Университеті 2000 жылы Қырғызстан, Тәжікстан мен Қазақстан үкіметтері және Жоғары Мәртебелі Ага Хан қол қойған халықаралық шарт негізінде меншік коммерциялық емес зайырлы университет ретінде құрылған.

Шарт көрсетілген елдердің парламенттерімен ратификацияланып, Біріккен Ұлттар Ұйымында тіркелген. Құрылтайшы елдердің президенттері университеттің қорғаншылары, ал Жоғары Мәртебелі Ага Хан оның канцлері болып табылады.

ОАУ миссиясы – Орталық Азияның, әсіресе оның таулы қауымдастықтарының әлеуметтік-экономикалық дамуына жәрдемдесу. Университет өңір халықтарына өзінің бай мәдени мұрасын болашаққа бағытталған активтер ретінде сақтауға мүмкіндік бере отырып, халықаралық деңгейде танылған стандарттар негізінде жоғары білім алуды ұсынады.



ОАУ Хорог (Тәжікстан) және Нарын (Қырғызстан) қалаларындағы кампустары, сондай-ақ Текеліде (Қазақстан) салынуы жоспарланып отырған кампусы ауылдық биік таулы аймақтардағы қалаларда, тарихи маңызы бар Жібек жолының бойында, өңірде болып жатқан экономикалық, әлеуметтік және интеллектуалдық өзгерістердің ортасында орналасқан.

АКДН кең бейілділігі және серіктестік желіге қатысуы, сондай-ақ өзінің үш мектебінің қызметінің арқасында Университет бизнес, азаматтық қоғам мен мемлекеттік қызмет саласындағы үздіктерді біріктіру үшін бірегей мүмкіндіктерге ие болып табылады.

Фото: Хорог қ. ОАУ кампусы, Тәжікстан





Фото: Нарын к. ОАУ кампусы, Кыргызстан

Гуманитарлық және нақты ғылымдар мектебі

Гуманитарлық және нақты ғылымдар мектебі «Компьютерлік ғылымдар, «Коммуникациялар және БАҚ», «Әлемдік экономика», «Жер және қоршаған орта туралы ғылымдар» мамандықтары бойынша Кыргызстанда Нарын және Тәжістанда Хорог қалаларындағы кампустарда бакалавриат бағдарламаларын ұсынады. Болашақта «Инженерлік-техникалық ғылымдар» және «Бизнес және басқару» мамандықтарының ашылуы күтілуде.

ОАУ студенттері жоғары үлгерім мен үздік академиялық жетістіктер көрсетуде. Олардың арасында ғылыми олимпиадалар жеңімпаздары, әлсіз топтағы адамдардың қорғаушылары, дарынды

суретшілер мен музыканттар, түрлі марапаттарға ие болған спортшылар мен ынтагер еріктілер бар.

ОАУ түлектері Браундық, Дьюк, Мичиган, Торонто, Саймон Фрейзер және Сингапурдың Ұлттық университетін қосқанда, халықаралық деңгейде танылған университеттерге табысты түрде оқуға түседі.

ГНФМ студенттері



80% негізін қалаушы елдерден

70% ауылдық жерлерден

Жоғары даму мектебі

ЖДМ – бұл пәнаралық ғылыми орталық. Бес жан-жақты, бірақ бірін-бірі толықтырып тұратын ғылыми-зерттеу институт Орталық Азия елдеріндегі тақырыптық сарапшылық әлеуетті құруға ықпал етті. **Таулы қауымдастықтарды зерттеу институты** өзінің мол тәжірибесін таулы аймақтардың тұрақтылығын арттыру мақсатында азық-түлік және су қауіпсіздігі, климат пен криосфераның өзгеруі бойынша мәселелерді шешу үшін қолданады. **Мемлекеттік басқару және саясат институты** мемлекеттік қаржы, сауда, ауыл шаруашылығы және еңбек нарығы саласындағы қолданбалы экономикалық зерттеулерді жүргізетін аналитикалық орталық болып табылады.

Мәдени мұра және гуманитарлық ғылымдар бөлімі Орталық Азияның бай мәдени дәстүрлері және мұрасын болашақ үшін активтер ретінде сақтау және ілгері жылжыту бойынша ОАУ миссиясын жүзеге асырады. **Азаматтық қоғамның бастамасы:** адал басқару, денсаулық сақтау, білім беру және қоршаған ортаны қорғау сияқты негізгі тақырыптарға арналған оқу желілерін құруға жәрдемдесуге бағытталған. **Ага Ханның «Адамтану» жобасы** өңірдің университеттері мен мектептерінде оқытатын біріктірілген оқу бағдарламасы арқылы сыни ойлау қабілетін қолдайды. Экономикалық даму және технологиялық инновациялар саласындағы жаңа көп бейінді магистерлік бағдарлама 2025 жылы іске қосылады деп күтілуде.



Кәсіптік және үздіксіз оқыту мектебі

Кәсіптік және үздіксіз оқыту мектебі жұмысқа орналасу және табыс алу мүмкіндіктерін кеңейту үшін арналған кәсіптік білім беру бойынша қысқа мерзімді курстардың жеткізушісі болып табылады, аталған бағдарламаларды 16 оқу орталығында өтуге болады, олардың бесеуі Ауғанстанда орналасқан.

КУОМ курстарына бағдарламалау және цифрлық қауіпсіздік, цифрлық және медиасауаттылық дағдылары, ағылшын тілі, туризм және

ақпараттық технологиялар, кәсіпкерлік, сондай-ақ электротехника және автомобиль жөндеу, тас қалау, сантехника, ағаш ұстасы және т. б. сияқты кәсіби курстар кіреді.

КУОМ – Халықаралық компьютерлік куәлік (ICDL) және Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстандағы ағылшын тілінен Кембридж емтихандары сияқты көптеген халықаралық біліктіліктерді растаудың жалғыз ресми орталығы.

КУОМ оқушылары

2006 жылдан бастап
247,000
адам оқытудан өтті



92%
оқушылардың
қанағаттануы

96%
оқушылар КУОМ
басқаларға ұсынуға
дайын

2,300
қосымша жұмыс
орны 2020-2025 жж.
құрылды

Орталық Азиядағы профессорлық-оқытушылық құрамды дамыту бағдарламасы (CAFDP)

Жергілікті таланттарды дамыту бағдарламасының шеңберінде ОАУ Орталық Азияның 73 зерттеушісіне (35 - әйелдер), Кембридж университеті, Оксфорд университеті, Саймон Фрейзер университеті, Альберт университетін қосқанда, серіктес университеттерде магистратура, докторантура және постдокторантурада оқу үшін 73 шәкіртақы ұсынды.

«Интеллектуалдық кеңістік пен ресурстар құра отырып, Орталық Азия Университеті Орталық Азияның елдері мен аумақтарын бөліп тұрған тауларды оның халықтары және экономикасын болашақ әл-ауқатын жақсарту бойынша ортақ күш жұмылдырудағы тізбектерге айналдыруға көмектеседі».

Жоғары Мәртебелі Аға Хан

ОАУ Жарғысына қол қою рәсімі, 31 тамыз 2000 ж., Астана, Қазақстан

Орталық әкімшілік кеңсе
Қырғызстан, Бішкек қ., 720001,
Токтогул к-сі, 125/1

Нарын қ. ОАУ кампусы
Қырғызстан, Нарын қ., 722918,
Ленин к-сі, 310

Хорог қ. ОАУ кампусы
Тәжікстан, ТБАО, Хорог қ.,
736000, Киматшо Иमतшоев
к-сі, 50/1

Текелі қ. КУОМ оқу
орталығы
Қазақстан, Текелі қ., 041700,
Гагарин к-сі, 13

info@ucentralasia.org

www.ucentralasia.org

 @ucentralasia

Жарияланған күні: сәуір, 2024 ж.